# "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарын белгілеу туралы" Сарысу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 23 шілдедегі № 257 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Жамбыл облысы Сарысу аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 17 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 ақпанда № 2935 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына және " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарын белгілеу туралы" Сарысу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 23 шілдедегі № 257 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 1989 болып тіркелген, 2013 жылғы 24 тамыздағы № 69 "Сарысу" газетінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д. Асановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Аудан әкімі* | *Б. Жайлыбаев* |

Сарысу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 17 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарын белгілеу туралы" Сарысу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 23 шілдедегі № 257 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысына келісім парағы

"КЕЛІСІЛДІ"
Сарысу аудандық аумақтық
сайлау комиссиясының
төрағасы
Е. Имашев
1 ақпан 2016 жыл

Сарысу ауданы әкімдігінің

2016 жылғы 26 қаңтардағы
№ 17 қаулысына қосымша

# Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

| № | Елді мекен атаулары | Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары |
|---|---|---|
| 1 | Жаңатас қаласы | 2 шағын ауданда орналасқан қалқа<br>3 шағын ауданда орналасқан қалқа<br>6 шағын ауданда орналасқан қалқа<br>Жібек жолы көшесінің бойында орналасқан қалқа<br>С. Мұқанов және Бейбітшілік көшелерінің қиылысындағы қалқа<br>А. Иманов көшесінің бойында орналасқан қалқа<br>С. Сейфуллин атындағы орта мектебінің жанындағы қалқа |
| 2 | Саудакент ауылы | Қ. Асанов көшесінің бойында орналасқан қалқа<br>Б. Сұлтанғазиев көшесінің бойында орналасқан қалқа |
| 3 | Ақтоғай ауылы | Ауылдық клуб жанындағы қалқа |
| 4 | Ұ. Сыздықбайұлы ауылы | Ауылдық клуб жанындағы қалқа |
| 5 | Арыстанды ауылы | Ауылдық клуб жанындағы қалқа |
| 6 | Түркістан ауылы | М. Әуезов атындағы орта мектебінің жанындағы қалқа |
| 7 | Үшбас ауылы | Ауылдық кітапхана жанындағы қалқа |
| 8 | Ұйым ауылы | Ауылдық клуб жанындағы қалқа |
| 9 | Жаңаталап ауылы | Жаңаталап орта мектебі жанындағы қалқа |
| 10 | Игілік ауылы | Фельдшерлік-акушерлік пунктінің жанындағы қалқа |
| 11 | Өндіріс ауылы | Ауылдық клуб жанындағы қалқа |
| 12 | Жайылма ауылы | Ауылдық клуб жанындағы қалқа |
| 13 | Маятас ауылы | Ауылдық клуб жанындағы қалқа |
| 14 | Қызылдихан ауылы | Фельдшерлік-акушерлік пунктінің жанындағы қалқа |
| 15 | Жайлаукөл ауылы | Ауылдық клуб жанындағы қалқа |
| 16 | Қамқалы ауылы | Ауылдық клуб жанындағы қалқа |
| 17 | Шығанақ ауылы | Ауылдық клуб жанындағы қалқанша |
| 18 | Шағалалы ауылы | Ауылдық кітапхана жанындағы қалқа |
| 19 | Досбол ауылы | Досбол орта мектебі жанындағы қалқа |
| 20 | Тоғызкент ауылы | Тоғызкент ауылдық округі әкімінің аппараты ғимаратының жанындағы қалқа |
| 21 | Әбілда ауылы | Ауылдық клуб жанындағы қалқа |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК